



ТЕХНОЛОГИЯ • БІЛІМ • БОЛАШАҚ

TECHNOAMU

AI ЖӘНЕ БОЛАШАҚ

*Жаңа дәуір – жасанды интеллект
дәуірі*

№01
ШЫҒАРЫЛЫМ
2026
АЛМАТЫ



AI ЖӘНЕ БОЛАШАҚ

Ғылыми-tech журнал

КІРІСПЕ

Жасанды интеллект дәуіріне арналған ғылыми- танымдық шығарылым 03

Жасанды интеллект: негіздер мен қолданыс

Жасанды интеллект технологиясының негіздері 04

ChatGPT-тің ойлау алгоритмі мен жұмыс принципі

Нейрондық желі мен AI жұмысының принципі 06




КІРІСПЕ

ЖАҢА ДӘУІР. ЖАҢА ОЙЛАУ. ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект адам өмірінің барлық саласына әсер ете бастады. Бұрын тек ғылыми фантастикада кездесетін технологиялар қазір білім беру, медицина, бизнес, өнеркәсіп және күнделікті өмірдің маңызды бір бөлігіне айналып отыр.

БҰЛ ЖУРНАЛДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

Жасанды интеллект технологияларының қалай жұмыс істейтінін түсіндіру, оның қоғамға әсерін талдау және болашақтағы мүмкіндіктерін зерттеу. Сонымен қатар AI саласының Қазақстандағы дамуы, болашақ мамандықтар және студенттердің технологияға көзқарасы қарастырылады.



TECHDAMU журналы — технология, ғылым және болашақ идеяларын біріктіретін студенттік ғылыми жоба. Біз күрделі технологиялық ұғымдарды қарапайым әрі заманауи форматта жеткізуге тырыстық.

Қазіргі цифрлық әлемде технологияны түсіну — тек мамандар үшін ғана емес, әрбір адам үшін маңызды дағдыға айналып келеді. Сондықтан бұл шығарылым жасанды интеллект әлеміне алғашқы қадам жасауға арналған ғылыми-танымдық нұсқаулық ретінде ұсынылады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ-

Жаңа дәуірдің негізгі технологиясы



Жасанды интеллект (Artificial Intelligence, AI) — адамның ойлау, талдау, үйрену және шешім қабылдау қабілеттерін компьютерлік жүйелер арқылы модельдеуге бағытталған технологиялар жиынтығы.



Қазіргі таңда AI тек ақпараттық технология саласында ғана емес, медицина, ғылым, білім беру, өндіріс, қаржы және бизнес бағыттарында кеңінен қолданылып келеді.



AI жүйелерінің негізгі мақсаты — үлкен көлемдегі деректерді өңдеу арқылы заңдылықтарды анықтау және адамның қатысуынсыз автоматты түрде шешім қабылдау.



Жасанды интеллект адамзат тарихындағы ең маңызды технологиялардың біріне айналуы мүмкін.
— Sundar Pichai(Google компаниясының бас директоры)

Цифрлық технологияның дамуы

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологиялары өте жылдам дамып, қоғамның түрлі салаларында кеңінен қолданыла бастады. Бүгінде AI жүйелері медицина, білім беру, қаржы, өндіріс, көлік және ғылыми зерттеу бағыттарында маңызды рөл атқаруда.



UNESCO АНЫҚТАМАСЫ

UNESCO ұйымының анықтамасы бойынша, жасанды интеллект — қоршаған ортаны қабылдап, алынған деректер негізінде белгілі бір мақсаттарға жету үшін әрекет ететін жүйелердің қабілеті.

Жасанды интеллекттің технологиялық негіздері



Machine Learning

Компьютердің деректер арқылы өздігінен үйрену қабілеті.



Neural Networks

Математикалық модельдер



Deep learning

Үлкен ақпарат көлемін талдау технологиясы.



Big Data


Үлкен көлемдегі деректерді өңдеу.

ChatGPT-тің ойлау алгоритмі мен жұмыс принципі

ChatGPT — мәтінді түсініп, оған жауап құрастыратын үлкен тілдік модель.

OpenAI түсіндіруінше, мұндай модельдер мәтіндегі келесі ең ықтимал сөзді болжау арқылы жаттығады.

Жұмыс процесі қарапайым түрде былай жүреді: алдымен қолданушы сұрақ жазады, кейін модель сол мәтінді ұсақ бөліктерге бөледі, контексті талдайды, маңызды сөздер арасындағы байланысты анықтайды және ең ықтимал жауапты құрастырады.



ChatGPT қалай жауап береді?

01



Сұрақ қабылдайды

Қолданушы жазған мәтін толық оқып шығады

02



Контекст түсінеді

Сөздердің мағынасын мен байланысын талдайды

03



Үлгілерді табады

Бұрын үйренген тілдік заңдылықтарлы сүйенеді

04



Жауап құрастырады

Ең сәйкес сөйлемдерді ретімен шығарады

05



Нәтиже жібереді

Дайын жауапты қолданушыға көрсетеді

APPLE ЖӘНЕ AI БӘСЕКЕСІ

Google I/O және Microsoft Build конференцияларынан кейін Apple компаниясы WWDC шарасында жаңа AI бағыттарын таныстырды.

Конференциядағы басты тақырыптардың бірі — Apple компаниясының жасанды интеллект саласындағы дамуы болды.

Соңғы жылдары Google, OpenAI және Microsoft AI технологияларын жылдам дамытып, нарықтағы көшбасшылықты күшейтті.



AI технологияларының болашағы тек жарыста емес, оларды адамдарға пайдалы етуде.

— Tim Cook, Apple CEO

AI нарығындағы бәсеке



OpenAI

ChatGpt платформасын жаңартып, жаңа модельдер шығаруда



Apple

Apple intelligence жүйесін енгізіп, AI экожүйесін кеңейтуде



Microsoft

Өнімдеріне AI интеграциясын жетілдіруде

TECHDAMU



@galym_org



galymorg@gmail.com



<http://galym.org>

РЕДАКТОРЛАР
Молдажан Айдана
Абдіғаппар Мөлдір

№01
ШЫҒАРЫЛЫМ

2026
АЛМАТЫ